

## **Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданының 2017-2019 жылдарға арналған бюджеті туралы**

Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданы мәслихатының 2016 жылғы 23 желтоқсандағы № 8-1 шешімі. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 11 қаңтарда № 4018 болып тіркелді.

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет кодексінің 75-бабына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6-бабына сәйкес Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданының мәслихаты **ШЕШТІ:**

1. 1, 2 және сәйкесінше 3-қосымшаларға сәйкес Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданының 2017-2019 жылдарға, соның ішінде 2017 жылға арналған бюджеті, мынадай көлемдерде бекітілсін:

1) кірістер – 4 126 201,0 мың теңге, соның ішінде:

салықтық түсімдер бойынша – 714 162,0 мың теңге;

салықтық емес түсімдер бойынша – 4 631,6 мың теңге;

негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер бойынша – 20 949,0 мың теңге;

трансферттер түсімдері бойынша – 3 386 458,4 мың теңге;

2) шығындар – 4 216 235,6 мың теңге;

3) таза бюджеттік кредиттеу – 25 354,5 мың теңге;

бюджеттік кредиттер – 28 300,0 мың теңге;

бюджеттік кредиттерді өтеу – 2 945,5 мың теңге;

4) қаржы активтерімен жасалатын операциялар бойынша сальдо – 4 257,0 мың теңге

:

қаржы активтерін сатып алу – 4 257,0 мың теңге;

мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер – 0;

5) бюджет тапшылығы (профициті) – (- 119 646,1) мың теңге;

б) бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану) – 119 646,1 мың теңге;

қарыздар түсімі – 28 300,0 мың теңге;

қарыздарды өтеу – 2 945,5 мың теңге;

бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары – 94 291,6 мың теңге.

**Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданы мәслихатының 27.11.2017 № 14-1 шешімімен (01.01.2017 бастап қолданысқа енгізіледі).**

2. 2017 жылға арналған аудандық бюджеттің кірістері Қазақстан Республикасы Бюджет кодексіне сәйкес мынадай салық түсімдері есебінен қалыптастырылатыны белгіленсін:

аудандық бюджет есебіне жазылатын, төлем көзінен ұсталмайтын кірістерден жеке табыс салығы 100 пайыз көлемінде;

аудандық бюджет есебіне жазылатын әлеуметтік салық 84 пайыз көлемінде;

жеке және заңды тұлғалар, жеке кәсіпкерлер мүлкіне салық;

жер салығы;

көлік құралдарына салық;

бірыңғай жер салығы;

бензинге (авиациялық бензинді қоспағанда) және дизель отынына акциздер;

жер учаскелерін пайдаланғаны үшін төлемақы;

кәсіпкерлік және кәсіби қызметті жүргізгені үшін алымдар;

ойын бизнесіне салық;

республикалық бюджет есебіне жазылатын, консулдық алымнан және мемлекеттік баждардан басқа мемлекеттік баж.

3. 2017 жылға арналған аудандық бюджеттің кірістері мынадай салықтық емес түсімдер есебінен қалыптастырылатыны белгіленсін:

ауданның коммуналдық меншігіндегі мүлікті жалға беруден түсетін кірістер;

ауданның коммуналдық меншігінен түсетін басқа да кірістер;

аудан бюджетіне басқа да салықтық емес түсімдер.

4. Аудандық бюджеттің кірістері мынадай негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер есебінен қалыптастырылатыны белгіленсін:

ауыл шаруашылық мақсатындағы жер учаскелерін қоспағанда, жер учаскелерін сатудан түсетін түсімдер;

жер учаскелерін жалға беру құқығын сатудан түсетін түсімдер.

5. Аудандық бюджет түсімдері республикалық бюджеттен берілген бюджеттік кредиттерді өтеуден түсетін түсімдерден қалыптастырылатыны белгіленсін.

6. 2017 жылға арналған аудан бюджетінде облыстық бюджеттен аудан бюджетіне табысталатын субвенция көлемі 3 176 788 мың теңге сомасында көзделгені ескерілсін.

7. 2017 жылға арналған аудандық бюджетте республикалық бюджеттен берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер ескерілсін, соның ішінде:

1) оқу кезеңінде негізгі қызметкерді алмастырғаны үшін мұғалімдерге қосымша ақы төлеуге;

2) тілдік курстар бойынша тағылымдамадан өткен мұғалімдерге қосымша ақы төлеуге;

3) "Өрлеу" жобасы бойынша шартты ақшалай көмекті ендіруге;

4) еңбек нарығын дамытуға (жалақыны ішінара субсидиялау, көшуге субсидиялар ұсыну, жастар тәжірибесі);

5) Қазақстан Республикасында мүгедектердің құқықтарын қамтамасыз ету және өмір сүру сапасын жақсарту жөніндегі 2012-2018 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарын жүзеге асыруға ("Қазақстан Республикасында мүгедектердің құқықтарын қамтамасыз ету және өмір сүру сапасын жақсарту жөніндегі 2012-2018 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарының үшінші кезеңін (2016-2018 жылдар) бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 14 сәуірдегі № 213 қаулысымен бекітілген).

8. 2017 жылға арналған аудандық бюджетте облыстық бюджеттен берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер ескерілсін, соның ішінде:

- 1) электрондық оқулықтар сатып алуға;
- 2) ЭКСПО-2017 халықаралық мамандандырылған көрмесіне бару үшін Астана қаласына оқушыларды жіберуге;
- 3) жануарлардың энзоотиялық ауруларына қарсы профилактикалық іс-шаралар өткізуге;
- 4) мамандандырылған техника сатып алуға;
- 5) жұмысшы кадрларды қысқа мерзімде кәсіби оқыту, тұрғын үйді жалдау бойынша шығыстарды өтеуге субсидиялар;
- 6) білім беру нысандарын ағымдағы күтуге;
- 7) Булаев қаласындағы стадионды күрделі жөндеуге;
- 8) модульдік оңайлатылған шекаралық пункттер сатып алуға;
- 9) мүгедектер үшін жол белгілерін сатып алуға;
- 10) сумен жабдықтау және су бұру жүйесінің жұмыс істеуіне;
- 11) алып тасталды - Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданы мәслихатының 29.09.2017 № 13-1 шешімімен (01.01.2017 бастап қолданысқа енгізіледі).
- 12) Майбалық ауылында және Конюхов ауылында тарату желілерін қайта құруға.

Ескерту. 8-тармақ жаңа редакцияда - Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданы мәслихатының 02.06.2017 № 11-4 шешімімен (01.01.2017 бастап қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді - Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданы мәслихатының 29.09.2017 № 13-1 шешімімен (01.01.2017 бастап қолданысқа енгізіледі).

9. 2017 жылға арналған аудандық бюджетте мамандарды әлеуметтік қолдау шараларын іске асыру үшін республикалық бюджеттен бюджеттік кредиттер ескерілсін

10. Жергілікті атқарушы органның 2017 жылға арналған резерві 8 685 мың теңге сомасында бекітілсін.

11. 2017 жылға арналған аудан бюджетінің шығыстарында ауылдық елді мекендерде тұратын және жұмыс істейтін денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет, спорт және ветеринария мемлекеттік ұйымдарының мамандарына отын сатып алу үшін әлеуметтік көмек көрсетуге

шығыстар көзделсін.

12. Азаматтық қызметшілер болып табылатын және ауылдық жерде жұмыс істейтін денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет, спорт және ветеринария саласындағы мамандарға қызметтің осы түрлерімен қалалық жағдайда айналысатын азаматтық қызметшілердің айлықақыларымен және мөлшерлемелерімен салыстырғанда кемінде жиырма бес пайызға жоғарылатылған лауазымдық айлықақылар мен тарифтік мөлшерлемелер белгіленсін. Осы тармақтың қолданысы ветеринария саласындағы қызметті іске асыратын ветеринария пункттерінің ветеринария мамандарына қатысты.

13. 2017 жылы бюджеттік сала қызметкерлеріне жалақының толық көлемде төленуі қамтамасыз етілсін.

14. 4-қосымшаға сәйкес 2017 жылға, 5-қосымшаға сәйкес 2018 жылға, 6-қосымшаға сәйкес 2019 жылға арналған ауданның ауылдық округтерінің және Булаев қаласының бюджеттік бағдарламаларының тізбесі бекітілсін.

15. 7-қосымшаға сәйкес 2017 жылға арналған бюджетті атқару барысында жергілікті бюджеттік бағдарламалардың секвестрлеуге жатпайтындығы белгіленсін.

16. 8-қосымшаға сәйкес аудан бюджетінің қаражаты есебінен жергілікті өзін-өзі басқару органдарына бөлінетін трансферттердің көлемі бекітілсін.

17. Осы шешім 2017 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

*Солтүстік Қазақстан облысы*  
*Мағжан Жұмабаев ауданы*  
*мәслихаты сессиясының*  
*төрағасы*

*Г. Сағындықова*

*Солтүстік Қазақстан облысы*  
*Мағжан Жұмабаев ауданы*  
*мәслихатының хатшысы*

*Т. Әбілмәжінов*

Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев  
ауданы мәслихатының 2016 жылғы 23  
желтоқсандағы № 8-1 шешіміне № 1 қосымша

## **Мағжан Жұмабаев ауданының 2017 жылға арналған бюджеті**

**Ескерту. 1 қосымша жаңа редакцияда - Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданы мәслихатының 27.11.2017 № 14-1 шешімімен (01.01.2017 бастап қолданысқа енгізіледі).**

аты	Сыныбы	Ішкі сыныбы	Атауы	2017
				Сомасы мың теңге
			I. Кірістер	4 126 201,0

1		Салықтық түсімдері	7 14 162,0
	01	Табыс салығы	4 1 035,0
		2 Жеке табыс салығы	4 1 035,0
	03	Әлеуметтік салық	1 96 204,0
		1 Әлеуметтік салық	1 96 204,0
	04	Меншікке салықтар	3 06 949,0
		1 Мүлікке салықтар	2 31 244,0
		3 Жер салығы	1 0 670,0
		4 Көлік құралдарына салық	5 2 535,0
		5 Бірыңғай жер салығы	1 2 500,0
	05	Тауарларға, жұмыстарға және қызметтерге ішкі салықтар	1 60 474,0
		2 Акциздер	3 000,0
		3 Табиғи және басқа ресурстарды пайдаланғаны үшін түсетін түсімдер	1 38 700,0
		4 Кәсіпкерлік және кәсіби қызметті жүргізгені үшін алымдар	1 8 574,0
		5 Ойын бизнесіне салық	200,0
	08	Заңдық мәнді іс-әрекеттерді жасағаны және (немесе) оған уәкілеттігі бар мемлекеттік органдар немесе лауазымды адамдар құжаттар бергені үшін алынатын міндетті төлемдер	9 500,0
		1 Мемлекеттік баж	9 500,0
2		Салықтық емес түсімдер	4 631,6
	01	Мемлекеттік меншіктен түсетін кірістер	2 002,6
		5 Мемлекет меншігіндегі мүлікті жалға беруден түсетін кірістер	1 898,0
		7 Мемлекеттік бюджеттен берілген, кредиттер бойынша сыйақылар	4,6
		9 Мемлекет меншігінен түсетін басқа да кірістер	100,0
	06	Басқа да салықтық емес түсімдер	2 629,0
		1 Басқа да салықтық емес түсімдер	2 629,0
3		Негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер	2 0 949,0
	01	Мемлекеттік мекемелерге бекітіліп берілген мемлекеттік мүлікті сату	3 949,0
		1 Мемлекеттік мекемелерге бекітіліп берілген мемлекеттік мүлікті сату	3 949,0
	03	Жерді және материалдық емес активтерді сату	1 7 000,0

		1	Жерді сату	1 7 000,0
4			Трансферттер түсімдері	3 386 458,4
	02		Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер	3 386 458,4
		2	Облыстық бюджеттен түсетін трансферттер	3 386 458,4
Атауы				2017
Функционалдық топ				Сомасы
	Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі			мың теңге
	Бағдарлама			
			II. Шығындар	4 216 235,6
1			Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер	434 282,6
	112		Аудан (облыстық маңызы бар қала) мәслихатының аппараты	1 5 021,1
		001	Аудан (облыстық маңызы бар қала) мәслихатының қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	1 4 645,6
		003	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	375,5
	122		Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің аппараты	1 22 522,1
		001	Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	1 04 722,1
		003	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	1 7 800,0
	123		Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің аппараты	2 55 603,9
		001	Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	2 36 379,8
		022	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	3 217,9
		032	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелерінің және ұйымдарының күрделі шығыстары	1 6 006,2
	458		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	9 010,8
		001	Жергілікті деңгейде тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	9 010,8
	459		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	3 2 124,7
		001	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономикалық саясаттың қалыптастыру мен дамыту, мемлекеттік жоспарлау, бюджеттік атқару және коммуналдық меншігін басқару саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	2 7 208,7

	010	Жекешелендіру, коммуналдық меншікті басқару, жекешелендіруден кейінгі қызмет және осыған байланысты дауларды реттеу	270,2
	015	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	4 645,8
2		Қорғаныс	2 3 088,0
	122	Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің аппараты	2 3 088,0
	005	Жалпыға бірдей әскери міндетті атқару шеңберіндегі іс-шаралар	7 254,5
	006	Аудан (облыстық маңызы бар қала) ауқымындағы төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою	1 5 833,5
3		Қоғамдық тәртіп, қауіпсіздік, құқықтық, сот, қылмыстық-атқару қызметі	1 967,5
	458	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	1 967,5
	021	Елді мекендерде жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету	1 967,5
4		Білім беру	2 761 636,2
	123	Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің аппараты	9 964,2
	005	Ауылдық жерде балаларды мектепке дейін тегін алып баруды және кері алып келуді ұйымдастыру	9 964,2
	464	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім бөлімі	2 730 102,0
	001	Жергілікті деңгейде білім беру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	1 0 997,0
	003	Жалпы білім беру	2 346 974,0
	005	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мемлекеттік білім беру мекемелер үшін оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерді сатып алу және жеткізу	5 0 507,0
	006	Балаларға қосымша білім беру	3 4 033,0
	009	Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдарының қызметін қамтамасыз ету	7 3 237,0
	015	Жетім баланы (жетім балаларды) және ата-аналарының қамқорынсыз қалған баланы (балаларды) күтіп-ұстауға қамқоршыларға (қорғаншыларға) ай сайынғы ақшалай қаражат төлемі	1 1 019,0
	029	Балалар мен жасөспірімдердің психикалық денсаулығын тексеру және халыққа психолого-медико-педагогикалық кеңес беру көмегін көрсету	8 744,0
	040	Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында мемлекеттік білім беру тапсырысын іске асыру	1 52 969,0
	067	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелерінің және ұйымдарының күрделі шығыстары	4 1 622,0
	465	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) дене шынықтыру және спорт бөлімі	2 1 570,0
	017	Спорт бойынша балалар мен жастарға қосымша білім беру	2 1 570,0

6		Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамтамасыз ету	2 98 120,0
	451	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі	2 82 474,0
	001	Жергілікті деңгейде халық үшін әлеуметтік бағдарламаларды жұмыспен қамтуды қамтамасыз етуді іске асыру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	2 9 395,2
	002	Жұмыспен қамту бағдарламасы	9 9 559,1
	004	Ауылдық жерде тұратын денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамтамасыз ету, мәдениет, спорт және ветеринар мамандарына отын сатып алуға Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес әлеуметтік көмек көрсету	2 000,0
	005	Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек көрсету	3 745,0
	006	Тұрғын үйге көмек көрсету	67,0
	007	Жергілікті өкілетті органдардың шешімдері бойынша мұқтаж азаматтардың жекелеген топтарына әлеуметтік көмек	1 7 189,6
	010	Үйден тәрбиеленіп оқытылатын мүгедек балаларды материалдық қамтамасыз ету	1 128,1
	011	Жәрдемақыларды және басқа да әлеуметтік төлемдерді есептеу, төлеу мен жеткізу бойынша қызметтерге ақы төлеу	549,5
	014	Мұқтаж азаматтарға үйде әлеуметтік көмек көрсету	7 2 477,7
	016	18 жасқа дейінгі балаларға мемлекеттік жәрдемақылар	1 2 641,8
	017	Мүгедектерді оңалту жеке бағдарламасына сәйкес, мұқтаж мүгедектерді міндетті гигиеналық құралдармен және ымдау тілі мамандарының қызмет көрсетуін, жеке көмекшілермен қамтамасыз ету	9 411,1
	023	Халықты жұмыспен қамту орталығы қызметін қамтамасыз ету	1 6 710,5
	025	"Өрлеу" жобасы бойынша шартты ақшалай көмек ендіру	1 3 599,0
	067	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелерінің және ұйымдарының күрделі шығыстары	4 000,4
	458	Аудан (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	434,0
	050	Қазақстан Республикасында мүгедектердің құқықтарын қамтамасыз ету және өмір сүру сапасын жақсарту жөніндегі 2012-2018 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарын жүзеге асыру	434,0
	464	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім бөлімі	1 5 212,0
	030	Патронат тәрбиешілерге тапсырылған баланы (балаларды) асырау	1 5 212,0
7		Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық	9 5 116,5
	123	Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің аппараты	3 7 199,7



	008	Елді мекендерде көшелерді жарықтандыру	1 6 961,7
	009	Елді мекендердің санитариясын қамтамасыз ету	3 920,0
	010	Жерлеу орындарын ұстау және туыстары жоқ адамдарды жерлеу	950,0
	011	Елді мекендерді көгалдандыру және абаттандыру	1 5 368,0
458		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	4 2 599,1
	003	Мемлекеттік тұрғын үй қорының сақталуын ұйымдастыру	6 393,1
	004	Жекелеген азамат санаттарын тұрғын үймен қамтамасыз ету	4 000,0
	012	Сумен жабдықтау және су бұру жүйесінің жұмыс істеуі	3 2 205,0
	058	Ауылдық елді мекендердегі су тарту және сумен қамту жүйесін дамыту	1,0
472		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімі	1 5 317,7
	058	Ауылдық елді мекендердегі су тарту және сумен қамту жүйесін дамыту	1 706,7
	072	Жұмыспен қамту 2020 бағдарламасы шеңберінде жастар үшін қызметтік тұрғын үй салу, инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды дамыту және жатақханалар салу, салып бітіру	1 3 611,0
8		Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістік	2 89 146,6
123		Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің аппараты	4 9 296,7
	006	Жергілікті деңгейде мәдени-демалыс жұмысын қолдау	4 9 296,7
455		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі	1 17 935,6
	001	Жергілікті деңгейде тілдерді дамыту және мәдениет саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	9 391,1
	003	Мәдени-демалыс жұмысын қолдау	2 6 772,5
	006	Аудандық (қалалық) кітапханалардың жұмыс істеуі	7 4 520,0
	007	Мемлекеттік тілді және Қазақстан халықтарының басқа да тілдерін дамыту	1 163,0
	010	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	200,0
	032	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелерінің және ұйымдарының күрделі шығыстары	5 889,0
456		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ішкі саясат бөлімі	2 8 191,5
	001	Жергілікті деңгейде ақпарат, мемлекеттілікті нығайту және азаматтардың әлеуметтік сенімділігін қалыптастыру саласында мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	1 0 163,9
	002	Газеттер мен журналдар арқылы мемлекеттік ақпараттық саясат жүргізу жөніндегі қызметтер	1 2 715,0
	003	Жастар саясаты саласында іс-шараларды іске асыру	5 312,6

	465	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) дене шынықтыру және спорт бөлімі	1 8 439,0
	001	Жергілікті деңгейде дене шынықтыру және спорт саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	7 296,0
	006	Аудандық (облыстық маңызы бар қалалық) деңгейде спорттық жарыстар өткізу	4 498,0
	007	Әртүрлі спорт түрлері бойынша аудан (облыстық маңызы бар қала) құрама командаларының мүшелерін дайындау және олардың облыстық спорт жарыстарына қатысуы	5 665,0
	032	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелерінің және ұйымдарының күрделі шығыстары	980,0
	472	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімі	7 5 283,8
	008	Спорт объектілерін дамыту	7 5 283,8
10		Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, қоршаған ортаны және жануарлар әлемін қорғау, жер қатынастары	1 32 421,5
	459	Ауданның (облыстық маңызы бар қала) экономика және қаржы бөлімі	6 909,2
	099	Мамандарға әлеуметтік қолдау шараларын іске асыру	6 909,2
	462	Ауданның (облыстық маңызы бар қала) ауыл шаруашылығы бөлімі	2 3 799,6
	001	Жергілікті деңгейде ауыл шаруашылығы саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	2 3 799,6
	473	Ауданның (облыстық маңызы бар қала) ветеринария бөлімі	8 5 536,0
	001	Жергілікті деңгейде ветеринария саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	1 8 888,2
	003	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	147,9
	006	Ауру жануарларды санитарлық союды ұйымдастыру	290,0
	007	Қаңғыбас иттер мен мысықтарды аулауды және жоюды ұйымдастыру	1 200,0
	008	Алып қойылатын және жойылатын ауру жануарлардың, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізаттың құнын иелеріне өтеу	4 628,9
	009	Жануарлардың энзоотиялық аурулары бойынша ветеринарлық іс-шараларды жүргізу	3 784,0
	010	Ауыл шаруашылығы жануарларын сәйкестендіру жөніндегі іс-шараларды өткізу	7 455,0
	011	Эпизоотияға қарсы іс-шаралар жүргізу	4 9 142,0
	463	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жер қатынастары бөлімі	1 6 176,7
	001	Аудан (облыстық маңызы бар қала) аумағында жер қатынастарын реттеу саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	1 3 126,7
	007	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	3 050,0
11		Өнеркәсіп, сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі	1 5 578,4

	472	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімі	1 5 578,4
	001	Жергілікті деңгейде құрылыс, сәулет және қала құрылысы саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	9 768,4
	013	Аудан аумағында қала құрылысын дамытудың кешенді схемаларын, аудандық (облыстық) маңызы бар қалалардың, кенттердің және өзге де ауылдық елді мекендердің бас жоспарларын әзірлеу	5 810,0
12		Көлік және коммуникациялар	1 05 749,8
	123	Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің аппараты	5 8 450,1
	013	Аудандық маңызы бар қалаларда, кенттерде, ауылдарда, ауылдық округтерде автомобиль жолдарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету	5 8 450,1
	458	Аудан (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	4 7 299,7
	023	Автомобиль жолдарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету	4 7 299,7
13		Басқалар	2 8 508,0
	123	Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің аппараты	1 8 841,0
	040	"Өңірлерді дамыту" Бағдарламасы шеңберінде өңірлерді экономикалық дамытуға жәрдемдесу бойынша шараларды іске асыру	1 8 841,0
	469	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) кәсіпкерлік бөлімі	9 412,0
	001	Жергілікті деңгейде кәсіпкерлік пен өнеркәсіпті дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	9 300,0
	004	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	112,0
	459	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	255,0
	012	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органының резерві	255,0
14		Борышқа қызмет көрсету	4,6
	459	Ауданның экономика және қаржы бөлімі (облыстық маңызы бар қаланың)	4,6
	021	Облыстық бюджеттен қарыздар бойынша сыйақылар мен өзге де төлемдерді төлеу жөніндегі жергілікті атқарушы органдардың борышына қызмет көрсету	4,6
15		Трансферттер	3 0 615,9
	459	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	3 0 615,9
	006	Нысаналы пайдаланылмаған (толық пайдаланылмаған) трансферттерді қайтару	1 2 278,5
	024	Заңнаманы өзгертуге байланысты жоғары тұрған бюджеттің шығындарын өтеуге төменгі тұрған бюджеттен ағымдағы нысаналы трансферттер	1 2 045,2
	051	Жергілікті өзін-өзі басқару органдарына трансферттер	4 500,0
	052	Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша толық пайдалануға рұқсат етілген, өткен қаржы жылында бөлінген, пайдаланылмаған (түгел пайдаланылмаған) нысаналы даму трансферттерінің сомасын қайтару	331,4

		054	Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан берілетін нысаналы трансферт есебінен республикалық бюджеттен бөлінген пайдаланылмаған (түгел пайдаланылмаған) нысаналы трансферттердің сомасын қайтару	1 460,8
			III. Таза бюджеттік кредиттеу	2 5354,5
			Бюджеттік кредиттер	2 8300,0
			Атауы	Сомасы
Функционалдық топ				мың теңге
	Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі			
	Бағдарлама			
10			Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, қоршаған ортаны және жануарлар әлемін қорғау, жер қатынастары	2 8300,0
	459		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	2 8300,0
		018	Мамандарды әлеуметтік қолдау шараларын іске асыру үшін бюджеттік кредиттер	2 8300,0
			Бюджеттік кредиттерді өтеу	2 945,5
Атауы				Сомасы
Санаты				мың теңге
	Сыныбы			
		Ішкі сыныбы		
5			Бюджеттік кредиттерді өтеу	2 945,5
	01		Бюджеттік кредиттерді өтеу	2 945,0
		1	Мемлекеттік бюджеттен берілген бюджеттік кредиттерді өтеу	2 945,0
			IV. Қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо	4 257,0
			Қаржы активтерін сатып алу	4 257,0
Атауы				Сомасы
Функционалдық топ				мың теңге
	Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі			
	Бағдарлама			
13			Басқалар	4 257,0
	123		Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің аппараты	4 257,0
		065	Заңды тұлғалардың жарғылық капиталын қалыптастыру немесе ұлғайту	4 257,0
			Қаржы активтерін сатудан түскен түсім	0,0
			V. Бюджет тапшылығы (профициті)	-1 19646,1
			VI. Бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану)	1 19646,1
			Қарыздардан түскен түсім	2 8300,0

Атауы				Сомасы мың теңге
Санаты				
	Сыныбы			
		Ішкі сыныбы		
7			Қарыздардан түскен түсімдер	2 8 300,0
	01		Ішкі мемлекеттік қарыздар	2 8 300,0
		2	Қарыз шарттары	2 8 300,0
			Қарыздарды өтеу	2 945,5
Атауы				Сомасы мың теңге
Функционалдық топ				
	Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі			
		Бағдарлама		
16			Қарыздарды өтеу	2 945,5
	459		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	2 945,5
		005	Жергілікті атқарушы органның жоғары тұрған бюджет алдындағы борышын өтеу	2 945,5
8	1	1	Бюджеттік қаражаттың қолданыстағы қалдықтары	9 4 291,6

Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев  
ауданы мәслихатының 2016 жылғы 23  
желтоқсандағы № 8-1 шешіміне № 2 қосымша

## Мағжан Жұмабаев ауданының 2018 жылға арналған бюджеті

Санаты	Сыныбы	Ішкі сыныбы	Атауы	2018
				Сомасы мың теңге
			I. Кірістер	3 937 647
1			Салықтық түсімдер	579 994
	01		Табыс салығы	39 630
		2	Жеке табыс салығы	39 630
	03		Әлеуметтік салық	179 600
		1	Әлеуметтік салық	179 600
	04		Меншікке салықтар	231 730
		1	Мүлікке салықтар	158 856
		3	Жер салығы	12 824
		4	Көлік құралдарына салық	47 570

		5	Бірыңғай жер салығы	12 480
	05		Тауарларға, жұмыстарға және қызметтерге ішкі салықтар	123 939
		2	Акциздер	3 100
		3	Табиғи және басқа ресурстарды пайдаланғаны үшін түсетін түсімдер	98 800
		4	Кәсіпкерлік және кәсіби қызметті жүргізгені үшін алымдар	21 825
		5	Ойын бизнесіне салық	214
	08		Зандық мәнді іс-әрекеттерді жасағаны және (немесе) оған уәкілеттігі бар мемлекеттік органдар немесе лауазымды адамдар құжаттар бергені үшін міндетті төлемдер	5 095
		1	Мемлекеттік баж	5 095
2			Салықтық емес түсімдер	4 300
	01		Мемлекеттік меншіктен түсетін кірістер	2 500
		5	Мемлекет меншігіндегі мүлікті жалға беруден түсетін кірістер	2 000
		9	Мемлекет меншігінен түсетін басқа да кірістер	500
	06		Басқа да салықтық емес түсімдер	1 800
		1	Басқа да салықтық емес түсімдер	1 800
3			Негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер	8 400
	01		Мемлекеттік мекемелерге бекітіліп берілген мемлекеттік мүлікті сату	2 000
		1	Мемлекеттік мекемелерге бекітіліп берілген мемлекеттік мүлікті сату	2 000
	03		Жерді және материалдық емес активтерді сату	6 400
		1	Жерді сату	6 400
4			Трансферттер түсімдері	3 344 953
	02		Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер	3 344 953
		2	Облыстық бюджеттен түсетін трансферттер	3 344 953

## Кестенің жалғасы

Атауы				2018
Функционалдық топ				Сомасы мың теңге
Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі				
Бағдарлама				
II. Шығындар				3 937 647
1	Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер			398 639
	112	Аудан (облыстық маңызы бар қала) мәслихатының аппараты		14 498
		001	Аудан (облыстық маңызы бар қала) мәслихатының қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	14 498
	122	Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің аппараты		101 668
		001	Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	101 668

123	Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің аппараты	242 893
001	Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	242 893
458	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	8 938
001	Жергілікті деңгейде тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	8 938
459	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	30 642
001	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономикалық саясаттың қалыптастыру мен дамыту, мемлекеттік жоспарлау, бюджеттік атқару және коммуналдық меншігін басқару саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	28 268
003	Салық салу мақсатында мүлікті бағалауды жүргізу	1 607
010	Жекешелендіру, коммуналдық меншікті басқару, жекешелендіруден кейінгі қызмет және осыған байланысты дауларды реттеу	767
2	Қорғаныс	23 335
122	Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің аппараты	23 335
005	Жалпыға бірдей әскери міндетті атқару шеңберіндегі іс-шаралар	8 043
006	Аудан (облыстық маңызы бар қала) ауқымындағы төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою	15 235
007	Аудандық (қалалық) ауқымдағы дала өрттерінің, сондай-ақ мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдары құрылмаған елді мекендерде өрттердің алдын алу және оларды сөндіру жөніндегі іс-шаралар	57
3	Қоғамдық тәртіп, қауіпсіздік, құқықтық, сот, қылмыстық-атқару қызметі	3 217
458	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	3 217
021	Елді мекендерде жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету	3 217
4	Білім беру	2 783 353
123	Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің аппараты	8 417
005	Ауылдық жерде балаларды мектепке дейін тегін алып баруды және кері алып келуді ұйымдастыру	8 417
464	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім бөлімі	2 752 474
001	Жергілікті деңгейде білім беру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	11 410
003	Жалпы білім беру	2 400 092
005	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мемлекеттік білім беру мекемелер үшін оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерді сатып алу және жеткізу	17 331
006	Балаларға қосымша білім беру	35 272
009	Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдарының қызметін қамтамасыз ету	76 186

	015	Жетім баланы (жетім балаларды) және ата-аналарының қамқорынсыз қалған баланы (балаларды) күтіп-ұстауға қамқоршыларға (қорғаншыларға) ай сайынғы ақшалай қаражат төлемі	11 420
	022	Жетім баланы (жетім балаларды) және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған баланы (балаларды) асырап алғаны үшін Қазақстан азаматтарына біржолғы ақша қаражатын төлеуге арналған төлемдер	363
	029	Балалар мен жасөспірімдердің психикалық денсаулығын тексеру және халыққа психолого-медико-педагогикалық кеңес беру көмегін көрсету	9 085
	040	Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында мемлекеттік білім беру тапсырысын іске асыруға	158 539
	067	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелерінің және ұйымдарының күрделі шығыстары	32 776
	465	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) дене шынықтыру және спорт бөлімі	22 462
	017	Спорт бойынша балалар мен жастарға қосымша білім беру	22 462
6		Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамтамасыз ету	217 689
	451	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі	206 807
	001	Жергілікті деңгейде халық үшін әлеуметтік бағдарламаларды жұмыспен қамтуды қамтамасыз етуді іске асыру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	27 968
	002	Жұмыспен қамту бағдарламасы	38 564
	004	Ауылдық жерде тұратын денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамтамасыз ету, мәдениет, спорт және ветеринар мамандарына отын сатып алуға Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес әлеуметтік көмек көрсету	622
	005	Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек көрсету	5 021
	006	Тұрғын үйге көмек көрсету	196
	007	Жергілікті өкілетті органдардың шешімдері бойынша мұқтаж азаматтардың жекелеген топтарына әлеуметтік көмек	13 861
	010	Үйден тәрбиеленіп оқытылатын мүгедек балаларды материалдық қамтамасыз ету	1 284
	011	Жәрдемақыларды және басқа да әлеуметтік төлемдерді есептеу, төлеу мен жеткізу бойынша қызметтерге ақы төлеу	395
	014	Мұқтаж азаматтарға үйде әлеуметтік көмек көрсету	77 423
	016	18 жасқа дейінгі балаларға мемлекеттік жәрдемақылар	16 847
	017	Мүгедектерді оңалту жеке бағдарламасына сәйкес, мұқтаж мүгедектерді міндетті гигиеналық құралдармен және ымдау тілі мамандарының қызмет көрсетуін, жеке көмекшілермен қамтамасыз ету	7 532
	023	Халықты жұмыспен қамту орталығы қызметін қамтамасыз ету	17 094
	464	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім бөлімі	10 882
	030	Патронат тәрбиешілерге тапсырылған баланы (балаларды) асырау	10 882
7		Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық	35 840
	123	Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің аппараты	35 840
	008	Елді мекендерде көшелерді жарықтандыру	22 078
	009	Елді мекендердің санитариясын қамтамасыз ету	4 063
	010	Жерлеу орындарын ұстау және туыстары жоқ адамдарды жерлеу	985



	011	Елді мекендерді көгалдандыру және абаттандыру	8 714
8		Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістік	208 050
	123	Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің аппараты	50 244
	006	Жергілікті деңгейде мәдени-демалыс жұмысын қолдау	50 244
455		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі	112 784
	001	Жергілікті деңгейде тілдерді дамыту және мәдениет саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	9 538
	003	Мәдени-демалыс жұмысын қолдау	25 557
	006	Аудандық (қалалық) кітапханалардың жұмыс істеуі	76 475
	007	Мемлекеттік тілді және Қазақстан халықтарының басқа да тілдерін дамыту	1 214
456		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ішкі саясат бөлімі	30 136
	001	Жергілікті деңгейде ақпарат, мемлекеттілікті нығайту және азаматтардың әлеуметтік сенімділігін қалыптастыру саласында мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	10 258
	002	Газеттер мен журналдар арқылы мемлекеттік ақпараттық саясат жүргізу жөніндегі қызметтер	14 400
	003	Жастар саясаты саласында іс-шараларды іске асыру	5 478
465		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) дене шынықтыру және спорт бөлімі	14 886
	001	Жергілікті деңгейде дене шынықтыру және спорт саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	7 587
	006	Аудандық (облыстық маңызы бар қалалық) деңгейде спорттық жарыстар өткізу	2 589
	007	Әртүрлі спорт түрлері бойынша аудан (облыстық маңызы бар қала) құрама командаларының мүшелерін дайындау және олардың облыстық спорт жарыстарына қатысуы	4 710
10		Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, қоршаған ортаны және жануарлар әлемін қорғау, жер қатынастары	133 387
	459	Ауданның (облыстық маңызы бар қала) экономика және қаржы бөлімі	7 314
	099	Мамандарға әлеуметтік қолдау шараларын іске асыру	7 314
462		Ауданның (облыстық маңызы бар қала) ауыл шаруашылығы бөлімі	25 648
	001	Жергілікті деңгейде ауыл шаруашылығы саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	25 648
473		Ауданның (облыстық маңызы бар қала) ветеринария бөлімі	87 432
	001	Жергілікті деңгейде ветеринария саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	18 430
	006	Ауру жануарларды санитарлық союды ұйымдастыру	301
	007	Қаңғыбас иттер мен мысықтарды аулауды және жоюды ұйымдастыру	518
	008	Алып қойылатын және жойылатын ауру жануарлардың, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізаттың құнын иелеріне өтеу	10 494
	009	Жануарлардың энзоотиялық аурулары бойынша ветеринарлық іс-шараларды жүргізу	3 196
	011	Эпизоотияға қарсы іс-шаралар жүргізу	54 493
463		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жер қатынастары бөлімі	12 993
